

## БІР НЕГІЗДІ ОРТАҚ ТҮБІРЛЕРДІҢ СЕМАНТИЗАЦИЯСЫ (ҚАЗАҚ, ҚАРАҚАЛПАҚ, НОҒАЙ ТІЛДЕРІ НЕГІЗІНДЕ)

\*Асенова А.Х.<sup>1</sup>, Салқынбай А.Б.<sup>2</sup>, Сөйлемез О.<sup>3</sup>

\*<sup>1,2</sup>әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup>Кастамону университеті, Кастамону, Түркия

**Аңдатпа.** Мақалада қыпшақ тілдері бұтағындағы бір-біріне жақын қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріндегі бір негізді ортақ түбірлердің семантикалық табиғаты қарастырылды. Ғалым Ә. Қайдар қарастырған бір негізді түбірлер ішінен *ақ* және *аш* түбірлері іріктеліп алынды.

Ғылыми зерттеудің мақсаты – аталған тілдердегі бір негізді ортақ түбірлерді талдай отырып мағыналық дамуын, семантизациялануын анықтау.

Жұмысымыздың негізгі бағыты – салыстырмалы тіл білімі, лексикология, семасиология секілді ғылым салаларының аясын кеңейту, мағынаның жалпы заңдылықтарын зерттеу. Біз түркі тілдері арасындағы мәдени байланысты бір негізді түбірлер семантизациясы арқылы көрсету идеясын қарастырамыз.

Зерттеу жұмысымыздың ғылыми маңыздылығы – тіл білімінде өзекті саналатын түбі бір түркіден шыққан туыстас тілдердегі ортақ түбірлер туралы терең меңгеру, семантизацияның маңызын түсіну және зерттеу тұжырымдарын қолдану мүмкіндігінде жатыр.

Зерттеу әдіснамасы ретінде алға қойған мақсат-міндеттерді шешу үшін жинақтау, салыстыру, семантикалық талдау, жүйелеу әдіс-тәсілдері қолданылды.

Семантикалық талдаудардың нәтижесінде мынадай қорытынды жасалды: бұл тілдердегі бір негізді түбірлер тарихи даму барысында біршама өзгеріске ұшыраған. Оған сол ұлттардың өмір сүру салты, әлеуметтік-тарихи жағдайы әсер еткен. Бір негізді түбір бір тілде түпкі мағынасын сақтай алса, екіншісінде негізгі мағынасымен қатар мағынаның кеңею процесі негізінде жаңа бір мағына тудырғанын немесе мүлде мағынасын күңгірттенгенін не өзге семаға айналып кеткенін байқадық. Сонымен қатар мағынаның тарылу-кеңею құбылыстарының да нәтижесін айқындадық.

Бүгінде тіл білімінің жаңа бағыттары бойынша жүргізіліп жатқан зерттеулер өте көп. Алайда ғылыми зерттеуді қажет ететін салыстырмалы тіл білімі, ноғай және қарақалпақ тілдерінің қарастырылуы және семантизация процесінің талдануы зерттеуіміздің құндылығын көрсетеді. Мақаланы жоғары оқу орындарында «Қазақ тілінің семантикасы», «Салыстырмалы тіл білімі» пәндеріне материал ретінде пайдалануға болады.

Зерттеу қорытындысының практикалық маңызы – қарақалпақ және ноғай тілін ғылыми тұрғыда дұрыс зерттеу мен меңгеруде біз жасаған семантикалық талдауды үлгі ретінде қолдана алатындығы.

Семантизациялану мәселесі – күрделі процестердің жемісі. Қазіргі жас тілші-ғалымдарымызға семантикалық зерттеу жасауды меңгерту үшін осы салада ғылыми еңбектер жазылып, жаңаша тұжырымдар ұсынылу керек.

**Тірек сөздер:** түркі тілдері, ноғай тілі, қарақалпақ тілі, түркілік ортақ бірліктер, бір негізді түбірлер, сема, семантизация, лексика-семантикалық тәсіл

### Кіріспе

Лексикологияның сөз мағынасын және оның өзгеру себептерін қарастыратын саласы – семантика деп аталады. Тіліміздің семасиологиялық

кабатын зерттеу үшін біз міндетті түрде диахрондық тұрғыда тілдің өткен тарихына, түркі тілдеріне және олардың қазақ тілімен байланысына, ортақ материалдарға назар аударамыз. Дыбыстық құрамы ұқсас бірақ мағынасы басқа немесе дыбыстық құрамы да мағынасы да бір ортақ лексемаларды семантикалық тұрғыда қарастыру түркі лексикасындағы семантизация саласының туыстас тілдердегі ерекшеліктері мен заңдылықтарын айқындауға көмектеседі.

Ортақ түбірлер туыстас түркі тілдерінің бір негізден шыққандығын дәлелдеп, тілдердің даму барысында тарихи жағдаяттар көрсеткен өзгерістерді анықтауға жол ашады. Мақалада туыстық тегі бір бірақ түрлі тарихи жолмен дамудың әсерінен өзгеріске ұшыраған қазақ-қарақалпақ-ноғай тілдеріндегі заңды ұқсастықтар қарастырылды. Тілдік ерекшеліктер қанша өзгеріске ұшыраса да оның түп негізбен ортақтығын байқауға болады. Демек туыс тілдер өз бойында дыбысталу жүйесінде, грамматикасында, лексикологиялық жүйесінде ортақ элементтерді міндетті түрде сақтайды.

Салыстырмалы лексикалық талдау жасағанда ең басты назарды біз сөз семантикасына аударамыз. Семантикалық талдау – туыс тілдердің туыстық белгісін, сәйкестігін анық көрсететін басты факторлардың бірі. Әдетте семантикалық категорияны біз тілдің төл элементтерінен және кірме сөздерін назарға ала отырып қарастырамыз.

Басты мақсат – түбірлердің о бастағы мағынасын айқындау. Содан соң ғана біз түрлі тарихи жағдайлар әсерінен өзгергенін, семантикалық аясы тарылып не кеңейгенін бағамдай аламыз.

Ә. Қайдаров пен М. Оразовтың «Түркологияға кіріспе» еңбегінде түркі тілдерін салыстырмалы бағытта зерттеуге қойылатын негізгі талаптарға жан-жақты тоқталған. Еңбекте ғалымдардың айтуы бойынша сөз мағынасының өзгеруіне қатысты мынадай тұжырым берілген: «сөз мағынасының дамуы (метафора, метонимия, тарылуы мен кеңеюі және стильдік дифференциацияға ұшырауы сияқты құбылыстар) тілдің ішкі даму заңына байланысты болса, ал сыртқы факторлар сол халықтың өмір сүрген дәуірімен, тарихымен, мәдениетімен, әдет-ғұрпымен тікелей байланысты» [1, 49 б.]. Байқағанымыздай, сөз мағынасының өзгеруіне интралингвистикалық және экстралингвистикалық факторлар әсер етеді екен.

Келесі ескеретін жайт – сөзге семантикалық талдаудың белгілі бір тәсілдер арқылы жүзеге асатыны мәлім. Зерттеушіге мағыналық талдаудың сапалы әрі нақты болуы үшін тәсіл түрін таңдап алғаны жөн.

Қазақ тілінің тарихшысы Ә. Құрышжанұлы салыстырмалы-тарихи зерттеулерде сөз мағыналарын реконструкциялаудың:

- 1) салыстырылатын материалдарды сұрыптау;
- 2) олардың хронологиялық өзгеру сатыларын анықтау;
- 3) ішкі реконструкция тәсілдерін қолдану арқылы сандық, сапалық көрсеткіштерін айқындау деген тәсілдерін көрсеткен [2, 23-24 бб.].

Туыс тілдердің материалдық көрсеткіші – ортақ түбірлер мағыналарының бірдейлігі, жақындығы. Түркі лексикасындағы ортақ бір негізді түбірлердің қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі семантикалық байланысын табу

арқылы тілдер тарихы, семантикалық ерекшеліктері жайлы ақпаратқа қол жеткіземіз.

Түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдері және қазақ тілі арасындағы ортақ лексемалардың семантикасын кешенді зерттеу арқылы ғана мағыналық байланысы жақын сөздер туралы семантикалық тұжырымдар жасай аламыз.

### **Материалдар мен әдістердің сипаттамасы**

Зерттеу мақаламызда қазақ-қарақалпақ-ноғай тілдеріндегі бір буынды ортақ түбірлерді семантикалық талдау барысында негізгі еңбек ретінде ғалым Ә. Қайдардың «Структура односложных корней и основ в казахском языке» еңбегін пайдаландық. Еңбектегі бір буынды түбірлерден бірнешеуін ала отырып, үш тілдегі семантизациясына талдау жасадық. Осы мақсатқа жету үшін біз түркі тілдеріндегі сөз мағынасына қатысты зерттеулер, «Древнетюркский словарь» еңбегін, Э. В. Севортянның этимологиялық сөздігін, М. Қашқаридың «Түркі тілдерінің сөздігін», Н. Баскаковтың «Қарақалпақский язык» еңбегін, Ә. Қайдаров пен М. Оразовтың «Түркологияға кіріспе», Б. Қалиевтің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі», М. Оразовтың «Қазақ тілінің семантикасы» еңбегін, Ә. Құрышжанов зерттеулерін, Б. Сағындықұлы «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері», А. Салқынбай «Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект» атты докторлық диссертациясы мен қазақ-қарақалпақ-ноғай тілдеріндегі түсіндірмелі, фразеологиялық сөздік түрлерін қолдандық.

Семантикалық талдау барысында бізге жинақтау, іріктеу, лексикографиялық әдістер, сипаттау және салыстыру әдістері қажетті болды.

### **Талқылау және нәтижелер**

Біз мақаламызды ғалым Ә. Қайдардың «Структура односложных корней» еңбегіндегі бір буынды түбірлер арқылы дәлелдеуге тырыстық. Осында түркі дүниесіне ортақ бір буынды түбір немесе негіздерді басшылыққа ала отырып кешегі және бүгінгі қазақ, қарақалпақ, ноғай тілдеріндегі семантикалық дамуын қарастырдық. Зерттеу барысында бір буынды сөздердің өзінде туыстас үш тілдерде түрлі мағыналық өзгерістер мен құбылыстар көрініс берді.

Ғалым еңбегінде бір буынды сөздер ретінде мына негіздер жіктелген: *-ай, -аз, -ақ, -ал, -ан, -ап, -ар, -ас, -ат, -ау, -аи* және *т.б.* Көрсетілген түбірлердің туыстас тілдердегі мағыналық таралуын жеке-жеке ғылыми түрде зерттеуге болады. Біз зерттеу нысанамыз ретінде осындағы екі негізді қарастырып, семантикасын талдауға тырыстық.

Олар: 1. *-ақ*; 2. *-аи* түбірлері.

Алдымен аталған түбірлердің семантикалық табиғатын ашпас бұрын, жоғарыдағы үш тілдің сөздіктері бойынша түбірлік мағыналарын көрсеткен жөн. Себебі бізге алғашқы түбірлік мағына дами келе кеңейетіні немесе тарылатыны, туынды мағына жасап, өзгеріп дамитыны, тұлғалық түрленетіні белгілі.

Біз негізге алып отырған Ә. Қайдар еңбегі бойынша бірінші *-ақ* түбірінің беретін мағыналарын айқындап алайық: *-ақ* түбірінің ғалым жеті түрлі мағынасын көрсеткен:

- 1) *Ақ – сын есім. ақ түсі, зат есім. ағарған яғни сүт өнімдері;*
- 2) *Ақ – имитативті: ақшыл, ақ нәрсе: ақи-ақ+ый – ашулы, қатыгездікпен қарау;*
- 3) *Ақ – етістік. ағу;*
- 4) *Ақ – жіберу, босату, ағыту;*
- 5) *Ақ – ақтар – ақ+тар;*
- 6) *Ақ – рас, кінәсіз, сөзсіз (хақ);*
- 7) *Ақ – ақта – пішілген, кастрацияланған жылқы [3, 169 б.].*

«Древнетюркский словарь» сөздігінде мынадай бес түрлі мағынасы берілген:

- 1) *Ақ [aq] – белый;*
- 2) *Ақ [aq] – презренный, достойный пренебрежения;*
- 3) *Ақ [aq] – наименование местности;*
- 4) *Ақ [aq] – хақ;*
- 5) *Ақ [aq] – ағу мағынасы [4, 48 б.].*

Түркітанушы ғалым М. Қашқаридың «Түрік тілінің сөздігі: диуани лұғат-ит-түрік» зерттеуінде де *ақ* түбірі көрсетілген: «АҚ: 1. ақ, бір нәрсенің ағы. (оғызша). Өзге түрік ұлыстары ақбоз атты «ақ ат» дейді. 2. Ақ сақал ер – ақсақал адам, сақал-шашы ағарған адам (оғызша)» [5, 111 б.].

Ғалым Э. Севортян өзінің сөздігінде *ақ* түбірінің түркі тілдеріндегі төрт түрлі мағынасын анықтаған: 1. Белый; 2. Чистый; 3. Прекрасный, чудесный, роскошный – хақ; 4. Течь – ағу [6, 116 б.].

Б. Қалиевтің «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігінде» тағы бір мына мағынасы берілді: «ақ – зат. Вет. Бұзаулы сиырда, қозылы қойда болатын жұқпалы, әрі зілді дерт. Мұндай жағдайда малдың сүті тартылып қалады. Байқағанымыздай бұл сема ағарған, сүт өнімдері мағынасының кеңеюінен шығып тұр» [7, 728 б.].

Ғалым Б. Сағындықұлы өзінің «Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері» атты еңбегінде бір буынды түбірлерге этимологиялық талдау жасайды. Зерттеуі бойынша түркі тілдеріне тән *-ақ* бір буынды сөзі туралы: «ақ – зат есім, сын есім, етістік, шылау бола алатын, бес түрлі ұғым беретін омоним түбір. Әсіресе, етістік ретінде туынды, ауыспалы мағыналары жан-жақты дамыған. *Ақ* етістігінен семантикалық-функционалдық трансформация (конверсия) тәсілі арқылы *ақ* сын есімі пайда болған, абстракцияланып түсі ақ заттармен тіркесе келе *ақ* мағынасын беретін зат есім туындаған» [8, 206-208 бб.]. Демек қазақ тіліндегі *ақ* сөзімен байланысты мағыналардың бәрі де әуелде етістік тұлғасының дамуы нәтижесінде пайда болған деген пікір айтуға болады.

Ғалым Н. Баскаковтың «Қарақалпақский язык» атты 1951 жылы жарық көрген еңбегінде қарақалпақ тілінде *ақ* түбірінің екі түрлі мағынада қолданылатынын көрсеткен: «акъ I – белый; акъ II - течь» [9, 319 б.].

Қарақалпақ тіліндегі бұл түбірдің семантикалық табиғатын аша түсу үшін «Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігіне» жүгінсек, онда төрт түрлі мағына берілген: «Ақ – 1) аппақ, гүриштей, жақсы, таза: Йошып кеулиң шадлық артып, ақ қағазға қәлем тартып (Ә. Шамуратов). 2) хақ, хадал, жаманлығы жоқ, кеулинде гирбиңи жоқ; 3) ағарған, асқатық; 4). Дақ, гирбиң, кир. Сонымен қатар қарақалпақ тілінде *ақ* тіркесімен мынадай тілдік бірліктер қолданылады: *ақ ениу – шашы ағаруы; ақ түсиу – дақ түсиу, кир түсиу; ақ патша* – көптеген түркі халықтары Ресей үкіметін кезінде осылай атағаны белгілі; *ақ түйе* – мойынламау, көрген-билгенин айтпау мәнісінде жумсалады [10, 56 б.].

Біз қарастырып отырған келесі тіл – ноғай тілі. Н. Баскаков редакторлығымен жарияланған ноғай тілінің сөздігінде *ақ* түбірінің үш түрлі семасы бар екенін байқаймыз: 1) ак – белый; 2) ак – истина, правда; 3) ак – плата, цена, оплата, вознаграждение: акын беруьв – платит, плата за труд [11, 32 б.].

Ноғай тілінде *ақ* сөзімен тіркесіп жасалған фразеологиялық тіркестерді көптеп кездестіруге болады. Мәселен: *ак айран болув* – ағару, саргаюв, қаны кашув. *ак балшыктай* – ағару, коркув. *ак басув* – соьйл. Коьз авыруы табув.

*Ак бийке* – мас. Сыйлы оьрметли.

*Ак билек* – ноғай ұлттық күресінің бір түрі.

*Ак кол* – иске уьйренмеген, ислеп болмайтаган киси.

*Ак коьнил* – суьйип, янын берип этуьв.

*Ак кувдай* – ағару, шырайы кашув.

*Ак куьн* – наьсип, бакты, огыр.

*Ак тузы шыгув* – бек терлев.

*Ак шалмалы аьжидей болув* – оьзин баскалардан артык, оьктем коьруьв.

*Акка кар аман язылган* – ашык кепте, аньласувлы [12, 25 б.]

Ноғай халқының жақсы тілек білдіру үлгісі: *Ак куьн тувсын* – ал. Ийгилик йорав. Мәселен, келген қонақты шығарып саларда «*Сав болынъыз келгенинъиз уьшин, амалларым. Ак куьн тувсын. Яхшы йол!*» деп айтылады. Осы секілді *ақ* сөзінің тазалық, пәктік, жақсы нәрселерге телініп айтылатын байқадық. Сыйлы, жасы үлкен кісіге *ак сакал*, шындық сөзге *ак соьз*, *акты кылыш кеспес*, хан тұқымынан шыққан тектілерді *ак суьек*, ақ ниетті адамды *ак коьнълли* деп атауы бекер емес.

Біз қарастырып отырған *ақ* түбірінің қазақ-ноғай-қарақалпақ тілдеріндегі мағынасын салыстыра келе семантикалық дамуын кесте арқылы көрсеткенді жөн көрдік.

### Кестел. «Ақ» түбірінің семалық мазмұны

Түбір сөз	Тілдік қатысы	Мағыналары	Туынды сөз	Туынды сөз мағынасы
1	2	3	4	5
Ақ	Қазақ тілінде	1) сын е., ақ (түс) 2) ақ (ауру) 3) ет., ағу (судың ағуы) 4) ет., ақтар 5) сын е., хақ 6) ақта 7) Ақ	Ағарған  Ағыту	Сүт өнімдері Ауру атауы Босату, жіберу Ақтару, араластыру Шындық, таза Пішілген жылқы Жер атауы
Ақ	Қарақалпақ тілінде	1) аппақ, гүриштей, таза 2) ағу (течь) 3) хақ 4) ағарған, асқатық 5) дақ, гирбин, кир		хадал, жаманлығы жоқ, сүт өнімдері кеулинде гирбици жоқ
Ак	Ноғай тілінде	1) ак (түс) 2) шындық, рас (ак) 3) баға, төлем 4) тазалық, пәктік	ак айран  акын беруьв Ак куьн тувсын	агарув, каны кашув  Ақысын беру Жолың болсын!

Демек, кестеге сәйкес қазақ тілінде *ақ* түбірінің семалық аясы заттану процесі арқылы кеңейе түскен. Сын есімдік және іс-әрекет ретіндегі мағынасымен қоса ауру атауы, жер атауы ретінде заттанған формада да қолданылады. Ал қарақалпақ және ноғай тілдерінде *ақ* сөзіне қатысты тілдік бірліктердің бәрі де сын есімдік ақ түс мәнінен және етістік ретіндегі ағу мағынасының кеңеюінен туындағанымен семантикалық аясы өзгеріске ұшырағанын байқадық. Мәселен ноғай тілінде *баға*, *төлем* мәнінде жаңа бір семаға ие болса, қарақалпақ тілінде қарама-қарсы мәнге *кір*, *дақ*, *кірбиң* семасына өзгерген.

Зерттеуіміздегі келесі бір түбір – *аш* түбірі. Ғалым Ә. Қайдардың зерттеуінде *аш* түбірінің төрт түрлі мағынасы көрсетілген:

1. *Аш – голодный;*
2. *Аш – открывать;*
3. *Аш – ащы – аш + шы – горький, острый;*
4. *Аш – аша- аш+а вилы, рогатка, розвина; [3, 172 б.].*

«Древнетюркский словарь» сөздігінде төрт түрлі мағынасы қарастырылған: 1. АС~ (аш) – голодный; 2. АС~ (аш) – открывать; 3. АС~ (аш) – милость: ас^da бен – я в милости; 4. АС~ (аш) – омоним нес^ [4, 4 б.].

Түркітанушы М. Қашғаридың әйгілі зерттеуінде екі әріпті сөздер бөлімінде *аш* түбірі кездеседі: «АШ: «хой, хей, хай» мағыналарында қолданылатын қаратпа сөз. Аш берү kel: Аш берү кел – Хай, бері кел!

Мысалдар: 1. «Аш не иемес тоқ не темес – *Аш не жемес, тоқ не демес.* (Аш алдына келгеннің бәрін жейді, тоқ аузына келгеннің бәрін дейді).

2. Аш: ауқат, ас. Ұйтқыны да (айранның ұйтқысы) солай дейді. Аяқ ашла – Аяққа ас сал» [5, 109–110 бб.].

Э. Севортянның түркі тілдерінің этимологиялық сөздігінде: *аш* түбірін *ач-аш-ас* варианттарымен қарастыра отырып түркі тілдеріндегі мағынасының өте көп екендігін көрсеткен. Солардың негізгілері – 1) голодный – аш; 2) семантический ареал «открывать», куда входят: «раскрывают», «растворять», «отворяют» – во всех названных выше источниках; 3) кушанье, пища, еда; [6, 210 б.].

А. Салқынбай өзінің докторлық зерттеуінде: «*Аш* етістігінің мағынасындағы негізгі сема – объектінің бір бұрышының бетінің ашылуы болса, осы сема *аш* сын есімінде перифериялық өрісте сақталған. Мысалы, *аш бөрі, аш бел, есік ашу (төркіндеу), айқара ашу, аранын ашу т.б.* Келтірілген мысалдарда «аш» сөзінің әртүрлі мағыналық қырлары айқындалады, әрқайсысында жаңа денотаттық, референттік мағына туындайды. Аталған тұлға тура мағынада негізгі сема сақталып, аналогиялық мағыналық құрылым бойынша сөзжасамдық қатар түзеді», – деп көрсетеді [13, 63 б.].

Н. Баскаковтың «Қарақалпақский язык» еңбегінен қарақалпақ тілінде *аш* түбірінің төрт түрлі мағынада қолданылатынын байқауға болады: 1) голод, голодный; 2) зерно, хлеб; 3) открывать; 4) вешать.

Қарақалпақ тілінің түсіндірме сөздігінде көрсетілген мағыналары: 1. Ауқат ишпеген, тамақ жемеген, жарымаған, тоймаған. Аш бала тоқ бала менен ойнамайды; Тоқ бала аш баланы ойламайды. 2. Жарлы, гедей, кембағал [10, 126 б.].

Ноғай тілінде екі түрлі мағынасы бар: 1) тура мағынасында: голодный: *аш болув – аш кадин ток билмес.* 2) ауыспалы мағынасында: алчный, жадный – *аш коьз – ненасытный, алчный;* [11, 54 б.].

Ноғай тілінде мынадай фразеологиялық тіркестер қолданылады: *аш коьз, аш назар, аш тамак, аш шектей, аш як, ашув алув, ашы ел, ашык яр, ашы соьз, ашык юрек т.б.*

Жинақтай келе, *аш* түбірінің қазақ-қарақалпақ-ноғай тілдеріндегі семантикалық табиғатын төмендегі кесте арқылы көрсетіп отырмыз:

Кесте 2. «Аш» түбірінің семалық мазмұны



Қазақ тілі	Қарақалпақ тілі	Ноғай тілі	Древнетюрский словарь	М. Қашғари
1	2	3	4	5
1) сын.аш 2) ет. аш 3) сын. ащы 4) аша (құрал)	1) голод, голодный - ауқат ишпеген, тамақ жемеген. 2) зерно, хлеб 3) открывать 4) вешать 5) жарлы, гедей, кембағал	1) тура мағынасында: голодный: <i>аш болув</i> ; 2) ауыспалы мағынасында: алчный, жадный – <i>аш ковз</i>	1) АС~ (аш) – милость: ас^da ben – я в милости; 2) АС~ (аш) – омоним нес^.	1) АШ: «хой, хай» мағыналарында қолданылатын қаратпа сөз. Аш бегү kel; 2) Аш: ауқат, ас.

Демек, *аш* түбірінің *аш* – тамақ жемеген сын есімдік мағынасы мен етістік түріндегі *бірдеңені ашу* мағыналары үш тілде де сақталған. Ноғай және қазақ тілдеріне қарағанда қарақалпақ тілінде *аш* түбірінің семантикалануы жақсы дамығанын байқадық. Себебі қарақалпақ тілінде: 1) ұн, нан; 2) бірдеңені асу; 3) кедей, жарлы секілді жаңа семаларға ие болған.

Тұжырымдай келе, біз қарастырған *ақ* және *аш* бір негізді түбірлері аталған үш тілдерде де тарихи даму барысында жойылып кетпей негізгі мағынасын, формасын сақтаған. Кейбір түркі тілінде тағы да мағынасы кеңейіп, жаңа қосымша сема арқаласа, кей тілде мағыналық аясы тарылғанын байқадық. Бұл сол тілдерге қатысты түрлі экстралингвистикалық факторлардың әсерінен болып отыр. Мағына және сөз бір-бірінен өзгеру сүре алмайтыны белгілі. Түркі тілдерін салыстыра зерттеу арқылы тарихи семасиологиядағы сөз мағынасының өзгеру қалпын қарастыра отырып қазіргі түркі тілдері мен қазақ тілі арасындағы ажырамас біртектілікке, ортақтастыққа тағы да көз жеткіздік.

### Қорытынды

Осылайша, жоғарыда берілген тұжырымдар негізінде түркі тілдеріндегі ортақ түбірлер семантизациясын талдау арқылы түбірдің бастапқы және кейінгі мағыналарының арасында байланыс бар деп қорытынды жасауға болады. Алайда кейбір ортақ түбірлерге экстралингвистикалық факторлардың әсер еткені де көрініс берді.

Ортақ түбірдің дыбыстық өзгеріске түскен не түспегенін анықтау үшін қазіргі түркі тілдеріндегі, көне жазба материалдардағы мағынасы жақын сөздермен салыстыру маңызды.

Сөз мағынасының өзгеруі – ұзақ процесс. Ол сөздің құрамындағы семантикалық байланыстардың әлсіреуінен немесе күшеюінен туындайды.

Қазақ, қарақалпақ және ноғай тілдеріндегі ортақ түбірлердің бастапқы, негізгі мағыналары туынды сөздерінде де сақталғанын байқадық. Түркілік ортақ лексиканың семантикалық өзгеру себептері, салдары, заңдылықтары тарихи процестің нәтижесі болып табылады.

Түйіндей келе, біз қарастырған *ақ* және *аш* бір негізді түбірлері қазіргі қазақ-қарақалпақ-ноғай тілдерінде семантикалық-грамматикалық тұрғыда дербес қызмет атқаратын тұлға ретінде де, мағыналық аясы кеңейіп туынды сөздер құрамында да активті қолданыс тапқан, төл сөздер құрамында маңызды рөлге ие болған түркі тілдеріне ортақ түбір екеніне көз жеткіздік.

### ӘДЕБИЕТ

- [1] Қайдаров Ә., Оразов М. Түркологияға кіріспе : оқу құралы. – Алматы: Мектеп, 1985. – 166 б.
- [2] Шарапатұлы Ш. Түркі лексикасының семантикалық деривациясы : түркі жазба ескерткіштері мен қазіргі түркі тілдерінің материалдары б-ша / ҚР Білім және ғылым м-гі, Түркі акад. – Астана : Кантана-пресс, 2011. – 549 б.
- [3] Кайдар А. Т. Структура односложных корней и основ в казахском языке: монография / М - во образования и науки РК, Ин-т языкознания им. А. Байтұрсынова. – Алматы : Арыс, 2005. – 295 с.
- [4] Древнетюркский словарь: словарь / АН СССР, Ин-т языкознания; [редкол. В. М. Наделяев]. – Л. : Наука, 1969. – 676 с.
- [5] Қашқари М. Түрік тілінің сөздігі диуани лұғат-ит-түрік: 3 томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Хант, 1997. 1-том. – 589 б.
- [6] Севортян Э. В. Этимологический словарь тюркских языков: общетюрк. и межтюрк. основы на гласные. – М.: Наука, 1974. – 767 с.
- [7] Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы, 2014. – 728 б.
- [8] Сағындықұлы Б. Қазақ тілі лексикасы дамуының этимологиялық негіздері: оқу құралы. Өңд., толықт. 2-бас. – Алматы : Қазақ ун-ті, 2005. – 257 б.
- [9] Баскаков Н. А. Каракалпакский язык: учеб. Пособие / АН СССР, Ин-т языкознания. Т. 1: Материалы по диалектологии: тексты и словарь. – М. : АН СССР, 1951. – 411 с.
- [10] Қарақалпақ тилинің түсіндірме сөзлігі: төрт томлық / I-том. А-В . – Нөкіс: Қарақалпақстан баспасы, 1982. – 402 б.
- [11] Ногайско-русский словарь: под редакцией Н.А. Баскакова / Государственное издательство иностранных и национальных словарей. – Москва, 1963. – 560 с.
- [12] Шихмурзаев Д. М. Ногайско-русский фразеологический словарь [Ногайша-орысша фразеологиялық сөзлігі]. – Махачкала: Изд-во НИИ педагогики, 2006. – 296 с.
- [13] Салқынбай А. Б. Тарихи сөзжасам. Семантикалық аспект: филол. ғылымд. д-ры ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дис. – Алматы, 1999. – 321 б.

### REFERENCES

- [1] Qaidarov Ä., Orazov M. Türkologiağa kırıspe: oqu qūraly [Introduction to Turkology: a textbook]. – Almaty: Mektep, 1985. – 166 b. [in Kaz]
- [2] Şarapatūly Ş. Türkı leksikasynyñ semantikalyq derivasiyası: türkı jazba eskertkişteri men qazırgı türkı tılderiniñ materialdary b-şa [Semantic derivation of Turkic vocabulary: based on Turkic written monuments and materials of modern Turkic languages]. / QR Bılım jäne ğylym m-gı, Türkı akad. – Astana : Kantana-pres, 2011. – 549 b. [in Kaz]
- [3] Kaidar A. T. Struktura odnoslojnyh kornei i osnov v kazahskom iazyke: monografıa [The structure of monosyllabic roots and bases in the Kazakh language: monograph] / M - vo obrazovania i nauki RK, İn-t iazykoznanıa im. A. Baitursynova. – Almaty : Arys, 2005. – 295 s. [in Rus]
- [4] Drevnetürkski slovär [Old Turkic dictionary]. / AN SSSR, İn-t iazykoznanıa; [redkol. V. M. Nadeläev]. – L. : Nauka, 1969. – 676 s. [in Rus]
- [5] Qaşqari M. Türkı tılıniñ sözdıgı: diuani lūğat-it-türkı: 3 tomdyq şyğarmalar jınağy [Dictionary of the Turkish language: diwani lugat-it-turkish]. / – Almaty: Hant, 1997. 1-tom. – 589 b. [in Kaz]

- [6] Sevortän E. V. Etimologicheski slovär türkskih iazykov: obşetürk. i mejtürk. osnovy na glasnye [Etymological dictionary of Turkic languages: common Turk. and Mezhturk. vowel bases]. / M.: Nauka, 1974. – 767 s. [in Rus]
- [7] Qaliev B. Qazaq tılıniñ tüsindirme sözdıgı [Explanatory dictionary of the Kazakh language]. – Almaty, 2014. – 728 b. [in Kaz]
- [8] Sağyndyqūly B. Qazaq tılı leksikasy damuynyñ etimologialyq negızderı: oqu qūraly [Etymological bases of the development of the vocabulary of the Kazakh language: a study tool)]. Öñd., tolyqt. 2-bas. – Almaty: Qazaq un-tı, 2005. – 257 b. [in Kaz]
- [9] Baskakov N. A. Karakalpakski iazyk: ucheb. Posobie [Karakalpak language]. / AN SSSR, İn-t iazykoznanıa. T. 1: Materialy po dialektologii: teksty i slovär. – M. : AN SSSR, 1951. – 411 s. [in Rus]
- [10] Qaraqalpaq tiliniñ tüsindirme sözligi: tört tomlyk [An explanatory dictionary of the Karakalpak language: four volumes] / I-tom. A-V.– Nökis: Qaraqalpaqstan baspasy, 1982. – 402 b. [in Kaz]
- [11] Nogaisko-ruski slovär: pod redaksiei N.A. Baskakova [Nogai-Russian dictionary: edited by N.A. Baskakova]. – Moskva: Gosudarstvennoe izdatelstvo inostrannyh i nasionälnyh slovarei, 1963. – 560 s. [in Rus]
- [12] Şihmurzaev D.M. Nogaısko-ruskıı frazeologicheskiı slovär [Nogai-Russian phraseological dictionary]. – Mahachkala: İzd-vo Nİİ pedagogiki, 2006. – 296 s. [in Rus]
- [13] Salqynbai A.B. Tarihi sözjasam. Semantikalyq aspekt [Historical phraseology. Semantic aspect]: filol. ğylymd. d-ry ğylymi дәrejesin alu üşin daiynd. dis. – Almaty, 1999. – 321 b. [in Kaz]

## СЕМАНТИЗАЦИЯ ОДНООСНОВНЫХ ОБЩИХ КОРНЕЙ (НА ОСНОВЕ КАЗАХСКОГО, КАРАКАЛПАКСКОГО, НОГАЙСКОГО ЯЗЫКОВ)

\*Асенова А.Х.<sup>1</sup>, Салкынбай А. Б.<sup>2</sup>, Сойлемез О.<sup>3</sup>

<sup>1,2</sup>Казахский национальный университет им. Аль-Фараби  
Алматы, Казахстан

<sup>3</sup> университет Кастамону, Кастамону, Турция

**Аннотация.** В статье исследуется семантическая природа одноосновных общих корней в казахском, каракалпакском и ногайском языках, являющихся близкородственными в рамках кыпчакской ветви тюркских языков. Для анализа были выбраны корни «ак» и «аш» из числа одноосновных корней, изученных учёным А. Каидаром.

Цель исследования – выявить процесс семантического развития и семантизации корней путем анализа одноосновных общих корней в этих языках.

Основное направление работы – расширение сфер сравнительного языкознания, лексикологии и семасиологии, а также изучение общих закономерностей значения. Мы рассматриваем культурные связи между тюркскими языками через семантизацию корней в казахском, каракалпакском и ногайском языках.

Научная значимость заключается в углублённом изучении общих корней языков, имеющих тюркское происхождение. Это позволяет глубже понять процессы семантизации и применить полученные результаты, что представляет собой важный вклад в лингвистику.

Методология исследования включает методы обобщения, сравнения, семантического анализа и систематизации, что способствует достижению поставленных целей и решению задач.

В ходе анализа установлено, что одноосновные корни в этих языках претерпели значительные изменения в процессе исторического развития. Эти изменения были обусловлены образом жизни и социально-историческими условиями народов. Мы выяснили, что в одном языке корень может сохранить своё первоначальное значение, в то

время как в другом – приобрести новое значение через расширение смысла или утратить исходное, перейдя в другую семантическую категорию. Также были выявлены явления сужения и расширения значения.

На сегодняшний день существует множество исследований в новых направлениях языкознания. Однако исследование подчеркивает важность сравнительного языкознания, изучения ногайского и каракалпакского языков, а также анализа семантизации. Статья может быть использована в качестве учебного материала для курсов «Семантика казахского языка» и «Сравнительное языкознание» в высших учебных заведениях.

Практическая значимость исследования заключается в том, что предложенный семантический анализ может служить моделью для научного изучения и освоения этих языков. Проблема семантизации является результатом сложных процессов. Для того, чтобы молодые учёные могли овладеть методами семантического исследования, необходимо создавать научные работы и выдвигать новые выводы в этой области.

**Ключевые слова:** тюркские языки, ногайский язык, каракалпакский язык, тюркские общие единицы, одноосновные корни, сема, семантизация, лексико-семантический подход

## SEMANTIZATION OF SINGLE-BASE COMMON ROOTS (BASED ON KAZAKH, KARAKALPAK, NOGAI LANGUAGES)

\*Assenova A.Kh.<sup>1</sup>, Salkynbay A. B.<sup>2</sup>, Soylemez O.<sup>3</sup>

\*<sup>1,2</sup> al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup> Kastamonu University, Kastamonu, Turkey

**Abstract.** The article examines the semantic nature of common roots derived from the same base in the Kazakh, Karakalpak, and Nogai languages, which are closely related within the Kipchak branch of the Turkic language family. Among the single-base roots analyzed by the scholar A. Kaydar, the roots for "ақ" and "аи" were selected for study.

The aim of this research is to identify the process of semantic development and semantization through the analysis of common monosyllabic roots in these languages.

The main focus of our work is to expand the scope of branches such as comparative linguistics, lexicology, semasiology, and the study of the general patterns of meaning. We aim to explore the cultural connections between the Turkic languages through the semantization of monosyllabic roots in the Kazakh, Karakalpak, and Nogai languages.

The scientific significance of our research lies in the in-depth study of common roots in these related languages of Turkic origins. This research is relevant to linguistics, enhances understanding of semantics, and demonstrates the practical application of its conclusions.

The research methodology includes methods of generalization, comparison, semantic analysis, and systematization, which help achieve the objectives and address the research tasks.

As a result of the semantic analysis, the following conclusions were drawn: monosyllabic roots in these languages have undergone changes throughout their historical development. These changes were influenced by the way of life of these peoples and the socio-historical context. It was observed that a monosyllabic root may retain its original meaning in one language, while in another, it may develop a new meaning through the process of meaning expansion, or the meaning may become obscured or evolve into a completely different sense. Additionally, the phenomena of meaning narrowing and expansion were examined and their outcomes determined.

Today, there is a great deal of ongoing research in emerging areas of linguistics. However, the study of comparative linguistics, particularly the examination of the Nogai and Karakalpak languages, as well as the analysis of the semantization process, highlights the significance of our research. This article can be used as supplementary material in higher education institutions for courses such as "Semantics of the Kazakh Language" and "Comparative Linguistics".

The practical significance of the research lies in the fact that the semantic analysis we have developed can serve as a model for the accurate scientific study and mastery of the Karakalpak and Nogai languages.

The problem of semantization is the result of complex processes. For modern young scientists and researchers to master the methods of semantic researches, it is essential to write scientific papers in these field and present new findings.

**Keywords:** Turkic languages, common turkic units, Nogai language, Karakalpak language, monosyllabic roots, semantics, lexico-semantic approach, sema

*Мақала түсті: 4 қыркүйек 2023*

***Авторлар туралы мәлімет:***

Асенова Айгүл Халдарқызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті докторанты, e-mail: asenova.1997@mail.ru

Салқынбай Анаркүл Бекмырзақызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, e-mail: asalkbek@gmail.c

Сөйлемез Орхан – Кастамону университеті профессоры, e-mail: soylemezo@yahoo.com

***Информация об авторах:***

Асенова Айгүл Халдарқызы – докторант Казахского национального университета имени аль-Фараби, e-mail: asenova.1997@mail.ru

Салқынбай Анаркүл Бекмырзақызы – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный университет им. Аль-Фараби, e-mail: asalkbek@gmail.com

Сөйлемез Орхан – профессор университета Кастамону, e-mail: soylemezo@yahoo.com

***Information about authors:***

Assenova Aigul Khaldarkyzy – doctoral student, al-Farabi Kazakh National University, e-mail: asenova.1997@mail.ru

Salkynbay Anarkul Bekmyrzakyzy– Doctor of Philology, professor, al-Farabi Kazakh National University, e-mail: asalkbek@gmail.com

Soylemez Orhan – professor of Kastamonu University, e-mail: soylemezo@yahoo.com